

**Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 377 "2025-2027 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 522 шешімі

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 377 "2025-2027 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 77300,5 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 16585,3 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер-101,6 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 60481,2 мың теңге;

2) шығындар – 77732,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -431,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 431,9 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 431,9 мың теңге.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 60418,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Айшуақ ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық  
мәслихатының 2025 жылғы  
12 қарашадағы № 522 шешіміне  
қосымша

Шалқар аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
30 желтоқсандағы № 377  
шешіміне 1-қосымша

## 2025 жылға арналған Айшуақ ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	77300,5
1			Салықтық түсімдер	16585,3
	01		Табыс салығы	8121,2
		2	Жеке табыс салығы	8121,2
	04		Меншікке салынатын салықтар	7840,7
		1	Мүлікке салынатын салықтар	97,0
		3	Жер салығы	45,3
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	7174,8
		5	Бірыңғай жер салығы	523,6
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	623,4
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	623,4
2			Салықтық емес түсімдер	132,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	85,2
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	85,2
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	47,2
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	47,2
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	101,6

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	101,6
		1	Жерді сату	101,6
4			Трансферттердің түсімдері	60481,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	60481,2
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	60481,2
II. Шығындар				77732,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	62176,4
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	62176,4
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	62176,4
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61181,4
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	995,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	15553,7
	2		Коммуналдық шаруашылық	36,4
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	

		124		ауылдық округ әкімінің аппараты	36,4
			014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	36,4
	3			Елді-мекендерді көркейту	15517,3
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15517,3
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2924,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1265,6
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	11327,7
15				Трансферттер	2,3
	1			Трансферттер	2,3
		124		Аудандық маңызы бар қала , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2,3
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2,3
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -431,9
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 431,9
				Бюджет қаражатының	

8				пайдаланылатын қалдықтары	431,9
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	431,9
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	431,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК